



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2025 жылғы 26 маусымдағы № 16-13-157 Д/С сауалға

Құрметті депутаттар!

Агроөнеркәсіптік кешеннің (бұдан әрі – АӨК) өнім экспортын дамытуға қатысты сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Аграрлық сектордың әлеуетін нығайту мақсатында Үкімет 2030 жылға қарай АӨК өнімінің экспортын 3,5 есе ұлғайтуға, өңделген өнімнің үлесін 70 %-ға дейін жеткізуге, сондай-ақ ішкі нарықты сыртқы тәуекелдерден қорғауға және фермерлерді жан-жақты қолдауға бағытталған кешенді саясатты іске асыруда.

Осы жұмыс шеңберінде өнімнің сыртқы сауда легінің тұрақты мониторингі жүзеге асырылады. Импорттың немесе экспорттың күрт өсуіне және ішкі нарыққа төнетін қатерге байланысты тәуекелдер туындаған кезде Сыртқы сауда саясаты мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия тиісті шараларды жедел қабылдайды. Оларға тыйым салу, квоталар, сандық шектеулер және тарифтік емес реттеудің басқа түрлері жатады.

Мұндай шараларды қолдану рәсімі кешенді сипатта болатынын әрі бизнес-қоғамдастықпен және сарапшылармен міндетті талқылауды, өнімнің биобақылау рәсімдері арқылы өтуін, сапа стандарттарына сәйкестігін, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық салдарын, нарықтық жағдайлары мен еліміздің сыртқы сауда міндеттемелерін бағалауды қамтитынын атап өткен жөн.

Өнімді сыртқы нарықтарға жылжыту және кәсіпкерлердің хабардар болуын арттыру мақсатында Сауда және интеграция министрлігінің алаңында отандық тауар өндірушілерді қолдау экожүйесі құрылды. Оның шеңберінде 20-

дан астам қаржылық және қаржылық емес қолдау құралдары ұсынылады.

Осылайша, «KazakhExport» АҚ тәуекелдерді сақтандыру, кепілдік беру және экспорттық операцияларды субсидиялау қызметтерін ұсынады. Сонымен қатар «QazTrade» АҚ кең ауқымды қаржылық емес қолдау шараларын көрсетеді, оған консультация беру, оқыту, шетелдік сертификаттаудан өтуге жәрдемдесу, халықаралық көрмелерге және логистикаға қатысу кіреді.

Анықтама: ұн экспортын қоса алғанда, тасымалдау шығындарын өтеу қарастырылған. Шағын және орта бизнес субъектілері үшін экспорттық акселерация бағдарламасы да жұмыс істейді.

Мемлекеттік қолдаудың барлық шаралары туралы ақпарат уәкілетті ұйымдардың сайттарында ашық орналастырылған, бұл сыртқы экономикалық қызметтің барлық қатысушылары үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

АӨК-дегі экспорттық-импорттық қызмет жүйелі түрде реттеледі. Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қамтитын бірыңғай талаптар белгіленген.

Шекара маңындағы аумақтарда фитосанитариялық және ветеринариялық бақылау үшін арнайы пункттер жұмыс істейді. Бақылау ЕАЭО актілеріне, Өсімдіктерді қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға және Дүниежүзілік жануарлар саулығын қорғау ұйымының стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Бұзушылықтар анықталған кезде қолданыстағы заңнама шеңберінде сыртқы экономикалық қызмет тоқтатылады.

Сонымен бірге экспортталатын өнімнің сапасына қойылатын талаптар да артып келеді. Барлық өнім Кеден одағы мен ЕАЭО-ның тамақ, сүт, ет, балық өнімдерінің, астықтың, минералды тыңайтқыштардың қауіпсіздігі бөлігінде техникалық регламенттеріне, сондай-ақ жемшөп, қоспалар және пестицидтер жөніндегі ұлттық регламенттерге сәйкес келуге тиіс.

Терең өңдеуді ынталандыру бөлігінде мемлекеттік қолдауды кеңейту шараларын, шикізат базасын ұлғайтуды, жеңілдікпен қаржыландыруды, жаңа нарықтарды игеруді және инвестициялық жобаларды іске асыруды көздейтін 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспар бекітілді.

Қайта өңдеу кәсіпорындары жылдық 2,5 – 5 % жеңілдікті кредиттеу бағдарламасына енгізілген. Мемлекеттік кепілдіктер мен сақтандыруды қоса алғанда, қарыздарды субсидиялау шаралары қосымша қолданылады, бұл кепілді қамтамасыз ету жетіспеген кезде кредиттік ресурстарға қол жеткізуді жеңілдетеді. Инвестициялық қолдау бойынша жұмыртқа өндірісіне, қант зауыттарын қайта өңдеуді жаңғыртуға 40 %-ға дейін, сүт өңдеу кәсіпорындары үшін 25 %-ға дейін, сондай-ақ құрғақ сүт өндіруге арналған жабдыққа субсидия беру көзделген. Өңірлерде өндірістерді жаңғыртуға және фермерлерден шикізат сатып алуға қолдау көрсетіледі.

Сонымен қатар ұлттық брендті қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. Географиялық атаулар тіркелді («Алматы апорты», «Қазақстан шоколады», «Петропавл сүті»), шығарылған жерін белгілеп, өнімді ерікті түрде таңбалауды

көздейтін «Қазақстанда жасалған» жол картасы іске асырылуда. Бұл белгіні пайдалану өнімді сыртқы нарықтарға ілгерілету кезінде артықшылық береді.

Экспортқа бағдарланған өндірушілерді ынталандыру мақсатында өнімді ілгерілету және жеткізу шығындарының бір бөлігін өтеу көзделген. Бұл ретте қарсы міндеттеменің шарты белгіленді – алушы екі жыл ішінде валюталық түсімнің кемінде 10 %-ға өсуін қамтамасыз етуге тиіс. Орындалу мониторингі «QazTrade» АҚ-ға жүктелді, орындалмаған жағдайда қаражат қайтарылуға тиіс.

Экспорт кезінде туындайтын қиындықтарға жедел ден қою үшін проблемалық мәселелерді жедел пысықтауды және саудадағы сыртқы кедергілерді жоюды қамтамасыз ететін ахуалдық штаб жұмыс істейді. Бұдан басқа, декларацияланбайтын жеткізілім не контрабанда фактілері туралы сигнал түскен кезде тиісті материалдар заңнама шеңберінде шара қабылдау үшін уәкілетті органдарға жіберіледі.

Тағы бір маңызды бағыт – ауылшаруашылық кооперациясын қолдау. «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде кооперативтерге 8 мың АЕК-ке дейін жеңілдікпен кредит беру тетігі іске асырылуда, техника мен жабдықтарды сатып алуға 50 %-ға дейін субсидиялар беріледі. Кооперативтер салықтардың 70 %-ынан босатылады (*төлем көзінен ұсталатындардан басқа*) және барлық мемлекеттік қолдау шараларына қол жеткізе алады.

Бақылаудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру мақсатында процестерді цифрландыру жүзеге асырылуда. Аграрлық саланың барлық ақпараттық жүйелерін біріктіретін «Е-АӨК» бірыңғай платформасы әзірленуде. Вакцинация мен орын ауыстыруды қоса алғанда, толық қадағалауды қамтамасыз ететін «АЖС» жануарларды есепке алу жүйесі жұмыс істейді. Сондай-ақ жануарлардың өнімділігі мен жай-күйін болжаудың ЖИ-технологиялары енгізілуде.

Фитосанитариялық сертификат беру рәсімі де электрондық форматқа ауыстырылды. Биылғы жылдың қыркүйегінде өнімнің егістіктен сөреге дейінгі жолын, оның ішінде өнімділікті, сақтауды және логистиканы қамтитын қадағалау жүйесін (ӨСЖ) іске қосу жоспарлануда.

Сонымен қатар жол бойындағы ветеринарлық талаптардың сақталуын бақылауды қоса алғанда, импорттық жүктерді соңғы межелі жерге дейін қадағалау жүйесі бар. «Кеден» жүйесі тауарлардың импорты мен тәуекелді партияларын тіркейді. Ветеринариялық бекеттер тұрақты сынама алуды жүргізеді, бұзушылықтар кезінде шектеулер мен зертханалық тексерулер қолданылады.

Сондай-ақ реттеудің белсенді моделі экспорттық саясаттың маңызды элементі болып табылады. Қажет болған жағдайда экспортқа/импортқа уақытша шектеулер енгізіледі, демпингке қарсы шаралар қолданылады, жосықсыз бәсекелестікті болғызбау және отандық өндірушілерді қолдау үшін ЕАЭО елдерінен импортқа рұқсат етілген ең төменгі бағалар белгіленеді.

Үшінші елдерден ауылшаруашылық өнімдерінің импортының өсімі маусымдық сұранысқа, әсіресе ішкі нарықта көкөністер мен жемістер

тапшылығы туындаған маусымаралық кезеңге байланысты.

Сонымен қатар логистикалық инфрақұрылымды дамыту бойынша шаралар қабылдануда. Қазақстан Шығыс – Батыс және Солтүстік – Оңтүстік халықаралық маршруттарын дамыта отырып, Еуразияның транзиттік хабы мәртебесін нығайтуда. Негізгі нүктелер – Ляньюньган, Сиань, Достық, Алтынкөл, Құрық, сондай-ақ Ақтау, Алята, Селятино, Свислочи, Үрімші және т. б. жаңа терминалдар құрылуда.

2027 жылға дейін мультимодальды орталықтар мен Құрғақ порттарды қоса алғанда, Алматы, Астана және Қостанай облыстарында логистикалық кешендерді іске қосу жоспарлануда. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Иран, БАӘ және Пәкістандағы логистикалық орталықтарға шығатын көлік дәлізін дамытуда.

Мемлекеттік органдардың, қауымдастықтар мен бизнестің өзара іс-қимылын қоса алғанда, барлық процестерді үйлестіру үшін Экспорт мәселелері және экспорттаушылардың проблемаларын шешу жөніндегі жедел штаб жұмыс істейді.

Соңғы 5 жылда АӨК өнімі экспортының жыл сайынғы өсуі байқалады.

Анықтама: 2020 жылдан бастап АӨК өнімдерінің экспорты 3,4-тен 5,1 млрд долларға дейін (1,5 есе) өсті. Өңделген өнімнің үлесі 52 %-ға жетті.

Жалпы қабылданып жатқан шаралар экспорттың тұрақты өсуіне, терең өндеуді дамытуға, жеткізу географиясын кеңейтуге, шағын және орта бинесті экспорттық тізбектерге тартуға, сапа мен қауіпсіздіктің халықаралық талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

О. Бектенов

Орынд.: Елтай Б.

Тел.: 74-55-10

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының
депутаттар тізімі:**

1. А. Қапбарова
2. Ә. Бектаев
3. Н. Бекназаров
4. М. Қадырбек